

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ОРАЛ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ
БӨЛІМІНІҢ «№14 ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
№14» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
УРАЛЬСК УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

090013, Орал қаласы, Желаев ауылы,
Көпбергенов көшесі, 50 үй
Тел: +7 (7112) 27-44-80, 27-47-17
e-mail: sosh14j@mail.ru

090013, г.Уральск, село Желаетово,
ул.Копбергенова, дом 50
Тел: +7 (7112) 27-44-80, 27-47-17
e-mail: sosh14j@mail.ru

БҰЙРЫҚ

№ 76

12 мамыр, 2022 жыл

**2021-2022 оқу жылын аяқтау және білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2021-2022 оқу жылының аяқталу және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 159 бұйрығына және БҚО білім басқармасының 2022 жылғы 3 мамырдағы №366 бұйрығына сәйкес орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында және Орал қаласының білім беру бөлімінің 2022 жылғы 4 мамырдағы № 138-Ө бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы;

3) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр – 10 маусым аралығы.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;

3) орыс тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс

тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;

4) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 6 маусым;

11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2022 жылғы 27 мамыр;

2) қазақ/орыс/ұйғыр/тәжік/өзбек тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 30 мамыр;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2022 жылғы 2 маусым;

4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2022 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 10 маусым.

3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.

4. Білім беру ұйымдары осы бұйрықтың, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

5. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10-сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

6. Білім беру ұйымдарының 11 (12) сыныптар мен 9 (10) сынып білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын 2022 жылғы 25 мамырға дейін жеткізілу қамтамасыз етілсін;

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзіретіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Т.Р.Давлетов